

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ВАЛЮТАЛЫҚ ҚОР

ЖОСПАР

- Халықаралық валюталық қор
- Халықаралық валюталық қорының негізгі қызметтері
- Халықаралық валюталық қордың басқару жүйесі.
- Қазақстан Республикасы Халықаралық Валюта қоры
- Үлестер мен дауыс беру құқығы
- ХВҚ-дың капиталы

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ВАЛЮТАЛЫҚ ҚОР

Халықаралық валюталық қор дегеніміз ұйым мүше-елдері арасындағы валюталық-несиелік қатынастарды реттеуге және оларға валюталық, қаржылық қиындықтар жағдайында қысқа және ұзақ мерзімді несиелер беру арқылы қаржылық көмек көрсетуге арналған халықаралық ұйым. Қор БҰҰ-ның арнайы ұйымы. Халықаралық валюталық қор 1944 жылы 1 шілде мен 22 шілде аралығында Бреттон-Вуд қаласында БҰҰ-ның өткен конференциясында құрылды.

БРЕТТОН-ВУД КОНФЕРЕНЦИЯСЫ ӨТКЕН ОТЕЛЬ- МАУНТ ВАШИНГТОН



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ВАЛЮТАЛЫҚ ҚОРЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТТЕРІ

1) Халықаралық өтімді қоры жеткіліксіз, болмаса төлем қабілеті төмен мүше елдерге өтімді қаржылық құралдар беру;

2) Сауданың еркіндігін күшейтіп, келісімдер еркін түрде жүргізілуі үшін мүше елдердің сауда мен төлем жүйесін қадағалап отыру;

3) Мүше елдерді қазіргі қалыптасқан халықаралық валюта жүйесі мен төлемдер туралы халықаралық келісімдерге сенімді арттыратын қаржы саясатын жүргізуге итермелеу. Нәтижесінде бұл елдің басқа елдермен экономикалық қатынастары тұрақтанады;

4) Мүше елдердің төлем балансын реттейтін жобалар қабылдауына көмек көрсету.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ВАЛЮТАЛЫҚ ҚОРДЫҢ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ.

басқарушылар кеңесі	уақытша комитет	даму комитеті	атқарушы кеңес	басқарушы
әрбір мүше-елдің бес жылға тағайындалатын өзінің басқарушысы мен оның орынбасарынан құралатын Халықаралық валюталық қордың жоғарғы басқару органы. Әдетте оларға қаржы министрлері немесе орталық банктердің басқарушылары жатады және олар сессияға жылына бір рет жиналады.	Атқарушы кеңестің шешімдерін іске асыру қызметін атқарады. Халықаралық валюталық қордың 24 басқарушысынан тұрады. Уақытша комитет жылына 2 рет жиналып, Басқарушылар кеңесінің алдында істелінген жұмыс нәтижелері мен болашақ жоспарлар туралы жауап ұстайды	Уақытша комитет сияқты Халықаралық валюталық қордың 24 басқарушысынан тұрады және Халықаралық валюталық қордың Басқарушылар кеңесінің алдында жауап ұстайды	Басқарушылар кеңесінің өкілеттіліктерінің едәуір бөлігін атқарады. Сонымен қатар Халықаралық валюталық қордың мүше-ел қатынасында саясаттың қандай да бір мәселелерін шешумен айналысады.	. Атқарушы кеңеспен ұйымның персоналына басшылық етеді. Басқарушы Халықаралық валюталық қордың күнделікті жұмысына жауапты. Басқарушы Атқарушы кеңеспен бес жылға тағайындалып, содан кейін қайтадан келесі мерзімге тағайындалуы мүмкін.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ВАЛЮТА ҚОРЫ

Қазақстан Республикасы Халықаралық Валюта қоры (бұдан әрі -- ХВҚ) Келісімдерінің Баптарына 1992 жылғы 15 шілдеде қосылды. 1992 жылғы 11 қарашадан бастап Халықаралық Валюта Қорының жарғылық капиталындағы Қазақстан Республикасының квотасы 247 500 000 СДР құрады. Осыған байланысты Халықаралық Валюта Қорының жарғылық капиталындағы Қазақстан Республикасының жазылу шотына 247 500 000 СДР сомасына №1 Қазынашылық векселі шығарылды (1995 жылғы 27 ақпандағы №1 Қазынашылық векселі).

ХВҚ Басқарушылары Кеңесінің «ХВҚ мүше елдердің квоталарын ұлғайту жөнінде 11 жалпы шолу» 1998 жылғы 30 қаңтардағы №53-2 шешіміне сәйкес ХВҚ жарғылық капиталы 146,2 млрд. СДР-дан 212,0 млрд. ҚАҚ-ға дейін немесе 45% ұлғайды. Қол жеткізілген уағдаластыққа сәйкес, квоталар есептеу кезінде 1994 жылғы статистикалық деректер пайдаланылды. Қазақстан Республикасы үшін есептелген квота 365,7 млн. СДР құрады. СДР жарғылық капиталындағы Қазақстан Республикасы квотасының ұлғаюына байланысты 1999 жылғы 11 ақпанда Ұлттық Банк 118 200 000 СДР мөлшерінде квотаның жалпы ұлғаю сомасына пайызсыз, берілмейтін №19018/50 векселін шығарды.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасының ХВҚ жарғылық капиталындағы квотасын 62 100000 СДР мөлшеріне дейінгі сомаға вексель шығаулы камтамасыз етуі қажет.

ҮЛЕСТЕР МЕН ДАУЫС БЕРУ ҚҰҚЫҒЫ

ХВҚ-на кірген ел белгілі бір ақша сомасын төлейді. Ол үлес "квота" деп аталады да, мүшелік жарнаға ұқсас келеді. Біріншіден, жарналардан ХВҚ-ың ақша қоры қалыптасады. Оны ХВҚ қаржылық, қиыншылыққа ұшыраған мүше елдерге қарыз беруге жұмсайды. Екіншіден жарна үлестерінің негізінде әрбір елдің қарызға ала алатын сомасы мен мезгіл арнаулы қарыз алу құқығы бөлінгенде алатын активтері анықталады. Жарна неғұрлым көп болса, ала алатын қарыздың көлемі де соған сәйкес көбейеді. Үшіншіден жарналар әр елдің дауыс санын анықтайды. Үлестерді, елдердің экономикалық жағдайын талдау арқылы, ХВҚ-ы бекітеді. Олар әрбір бес жылда қайта қаралып отырады да, ХВҚ қажеттілігі мен елдердің экономикалық жағдайларына байланысты ұлғаюы немесе кемуі мүмкін. Егер 1945 жылы 35 мүше ел 7,6 млрд. доллар төлесе, 1992 жылы 156 мүше ел 130 млрд. доллар төледі. Мысалы дүниедегі экономикасы ең үлкен ел - АҚШ барлық жарнаның 20% төлесе, Индия мұхитында орналасқан Мальдив елі 3 млн. доллар ғана төлейді

ХВҚ-ДЫҢ КАПИТАЛЫ

2008 жылдың 1 қаңтарына ХВҚ-дың капиталы 217 млрд. СДР-ға тең болды. Ол қордың мүшелерінің жарналарынан құралады. Әдетте, әрқайсысы өз квотасының 25%-ын СДР-да немесе басқа мүшелердің валютасында, ал қалған 75%-ын өзінің ұлттық валютасында төлейді. Қор мүшелері арасындағы дауыстар әрбір мүшенің квотасының мөлшеріне байланысты бөлінеді. 2006 жылдың 16 маусымына дейінгі мәлеметтер бойынша ең көп дауыс иеленушілер:

2006 ЖЫЛДЫҢ 16 МАУСЫМЫНА ДЕЙІНГІ МӘЛЕМЕТТЕР
БОЙЫНША ЕҢ КӨП ДАУЫС ИЕЛЕНУШІЛЕР:

- 1 США-17.8%;
- 2 Германия - 6.99% ;
- 3 Жапония-6.13%;
- 4 Ұлыбритания - 4.95% ;
- 5 Франция - 4.95% ;
- 6 Италия-4.18%;
- 7 Сауд Арабиясы - 3.22% ;
- 8 Ресей - 2.74% .